

Аудандық Мәслихаттың 2009 жылғы 30 қыркүйектегі XVII сессиясының "Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт үйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру Қағидасын бекіту туралы" N 151 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2010 жылғы 30 қаңтардағы N 182 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қазалы аудандық Әділет басқармасында 2010 жылды 04 наурыздағы N 10-4-113 тіркелді. Қолданылу мерзімінде аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 11 желтоқсандағы N 356 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінде аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - (Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2012.12.11 N 356 хатымен).

" Р Қ А О е ск е р т п е с .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сакталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабының 1 тармағының 15 тармақшасын, "Агроенеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 7 бабының 3 тармағының 4 тармақшасын, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 28 бабының 3 тармағын басшылыққа ала отырып аудандық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық Мәслихаттың 2009 жылғы 30 қыркүйектегі XYII "Ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін және тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру Қағидасын бекіту туралы" N 151 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылды 3 қарашада N 10-4-103 нөмірімен тіркелген, аймақтық "Тұран Қазалы" газетінде 2009 жылғы 18 қарашадағы N 92 санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен тоғызытулар

енгізілсін:

атаған шешімнің атапу мен 1 тармағындағы және Қағиданың атапу мен 1, 3

тармақтарындағы "мемлекеттік", "ұйымдарының" деген сөздер алынып тасталсын;

Қағиданың 7 тармағындағы "Егер бір отбасында тұратын біrnеше адамның әлеуметтік көмекті алуға құқы бар болса, онда әлеуметтік көмек отбасының біrғана мүшесіне тағайындалады" деген сөздер "Әлеуметтік көмек алушылардың отбасында біrnеше мүшесінің әлеуметтік көмекке құқы бар болған жағдайда көмек отбасының әрбіr мүшесіне беріледі" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Аудандық тыс XXIII аудандық Мәслихат хатшысы</i>	<i>Мәслихаттың сессиясының Т. Бөріқұлақов</i>	<i>кезектен төрағасы,</i>
---	---	-------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК